

## ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУ

**Ақмағамбетова А.Н.**

Алматы облысы, Қонаев қаласы, «Орта мектеп-гимназия мектепке дейінгі шағын орталығымен» МКМ, тарих пәнінің мұғалімі

Жаңартылған білім болашақтың кепілі. Жаңартылған оқу бағдарламасы – жаһандық даму жолы. Ел тәуелсіздігінің нығаюы орта білім беру жүйесімен тығыз байланысты. ХХІ –ғасыр озық технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану заман талабы. Сол үшін де білім беру мекемелерінде оқушылардың жеке басының дамуы мен қалыптасуына және дамуына педагогтардың заманауи технологияларды қолдану білуінің сауаттылығына байланысты. Мектепте тарихи білім беру келесі негізгі принциптерді ескере отырып құралады: Логикалық және хронологиялық бірізділік. Жалпы, тарих күрделі ғылым саласы. Ол бүкіл тұтас елдің тарихы. Бұл ғылымды әркімнің қабылдауы деңгейі әрқалай. Білім алушылардың бірі тез қабылдаса, бірі ақырындап, тіпті енді біреуіне ауыр соғуы мүмкін. Сол себептен, педагогикалық оқу үрдісіндегі технологиялардың басым бөлігін сабақ барысында қолдану маңызды деп ойлаймын. Әсіресе тарих пәнінде келесі әдіс-тәсілдерді қолдану оқытудың тиімділігін арттыруға көмектеседі деп ойлаймын.

Жаңартылған білім беру мазмұнының маңызды бір бөлігі – саралап оқыту. Саралау дегеніміз не? Саралау (difference) латын тілінен аударғанда бүтінді түрлі формаға, элементке, бөлшекке мүшелеп бөлу, саралау дегенді білдіреді. Саралап оқытудың қажеттілігі неде? Мектептегі сыныптардың деңгейі деңгейі әр түрлі болады, соның ішінде бір сыныптың өзін психологиялық – эмоциялық жағынан, деңгейі жағынан әр түрлі оқушылар құрайды, олардың ойлау қабілеттері де түрлі болатыны түсінікті. Сондықтан, оқушылардың ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне қарай сабақты ұйымдастыру қажеттілігі пайда болады. Осы тұрғыдан алғанда, оқытуды саралау, оқушылардың қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес тапсырмаларды орындату арқылы түрлі деңгейдегі оқушылардың оқу мақсатына жеткізу болып табылады. Тарих пәнін оқытуда саралау тәсілдерін қолдану күтілетін нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Тарих сабағында қолдануға болатын саралаудың – бірнеше түрін ұсынуға болады. Қысқа мерзімді жоспар немесе сабақ жоспарын дайындау барысында мұғалім оқушылардың жеке қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, саралап оқыту тәсіліне ерекше назар аударғаны жөн. Сабақтың басында оқушы қажеттіліктерін ескере отырып, ақпаратты қабылдау (визуал, аудиал кинестетик) интербелсенді тақтадан жазба немесе қысқа видеоролик көрсетуге болады. Мақсаттарға қол жеткізу үшін оқушының қабілеті,

дағдылардың қалыптасқандығына байланысты байланысты табыс критерийлеріне сай тапсырма дайындаған кезде ресурс пен тапсырмаларды іріктеп, кесте түрінде саралап беруге де болады. Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмаларда саралау деңгейлі тапсырма түрінде қамтылады. Қалыптастырушы бағалау тапсырмасы – біріншіден, оқушының оқуын қолдануға бағытталған қалыптастырушы бағалау жүргізуге, екіншіден, мұғалім үшін сабақ мақсатына жеткен/жетпегендігін айқындау үшін маңызды болып табылады [Ибрагимов Д.Қ. , 2019, Б.5-9.].

Сыни тұрғыдан ойлауға оқыту. Сыни тұрғысынан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп тұжырым жасауға бағыттау. Өз бетімен және бірлесіп, шығармашылық жұмыс жасау. Сыни ойлау сабағының құрылымдық формуласы 3 кезеңнен тұрады:

I. Қызығушылығын ояту ( «көпір жасау», ой қозғау) – Эвокация – қызу оқу жұмысымен шұғылдануға қызығушылықтың оянуы. Бұл кезеңде мұғалім бұрынғы білетін білімдерін жаңа материалмен ұштастыруға жағдай жасайды. Сабақтың мазмұнына сай алынған стратегиялар арқылы оқушылардың ойы шыңдалып, аршылады. Сабаққа белсенділігі, ынта – жігері артады. Бұл кезеңде мұғалім жаңа ақпаратты таныстырады. Тақырып бойынша жұмыс жасауға итермелейді. Таңдап алынған стратегияларға байланысты өз бетімен білім алуға көмектеседі.

II. Мағынаны таныту (мағынаны ажырату) – Реализация– оқып жатқан тақырыптардың қажетін түсіну. Мағынаны тану кезеңі негізгі кезең, сондықтан оқылып жатқан материалдың қажеттілігін түсіндіреді.

III. Ой-толғаныс (рефлексия, жаңа білім құрастырылады)- Рефлексия – тұжырымға келу, қорытындылау, жаңа білімді бекіту. Бұл бағдарламаның қорытынды үшінші кезеңінде үйренгенін саралап, салмақтап ой елегінен өткізеді, білімді бекітеді. Оқушылар осы кезеңде өз шығармашылықтарын көрсете алады. Өзіне және сыныптастарына сын көзбен қарайды. Өздерін бағалайды. Оқып, білгендерін таразылайды.

Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану – қоғамдағы өзгерісті танып білуге және оларды тез қабылдауда мол мүмкіндік береді. Жоспарланған сабақты тиімді өткізуге көмектеседі, оқушының ой-өрісінің дамуына, зерттеулік жұмыстар жүргізуіне ықпал етеді [https://infourok.ru/]. Тарих сабақтарында АКТ пайдалану арқылы берілетін білім оқу материалын жүйелі беруге, ақпаратты көруге, есте сақтауға, қатысымдық тұрғыдан меңгеруге мүмкіндік береді. Тарих сабақтарында ақпараттық және коммуникативтік технологиялардың мүмкіндіктерін қолдануда төмендегідей нәтиже беруде:

– Ақпараттық технология мүмкіндіктерін қолданып, өз бетімен білімін толықтыруға дағдылануы;

– Игерген материалдарын шығармашылықпен талдап, өңдеп, қорытындылап, өз көзқарасын қорғай алуы;

Жеке қабілеттеріне қарай шығармашылық жұмыстарға белсене араласып, белгілі бір ғылыми білім саласында өз мүмкіндігін көрсете алуы;

Білім беру саласындағы көп қолданыста жүрген АКТ құралдары:

- Интерактивті тақта;
- Мультимедия;
- Интернет кеңістігі;
- Электронды оқулық.

Сабақта жаңа технология ретінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалануда өткізілетін сабақтарды жоспарлаудың талаптары:

– ақпараттық -коммуникативтік технологиялармен жұмыс істей білуге үйрету; – тарих пәніне деген қызығушылығын тудыру;

– өз бетінше орындауға берілген жұмыстарға жауапкершілікпен қарауға, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйрету;

- өзіндік пікір, тұжырым, түсінік келтіру;
- дайынды көшіріп алмай, салыстырмалы жұмыс істеу;
- пікірін, тұжырымын дәлелдей және қорғай білуге дағдыландыру;

Жоғарыда айтылған мақсатқа жету үшін оқытушының әрекеті:

– мұғалімнің білімділігі, тың идеяларды жеткізуі, компьютерлік сауаттылығы;

- сабақтың тақырыбына сай мақсаттың айқын болуы;
- білім мен тәрбиенің бірізділігі;
- сабақтың жүйелілігі;
- әр оқушының психологиялық ерекшелігін ескеру;
- әр сабақта интерактивті тақта мүмкіндіктерін кең түрде пайдалану;
- өз талаптарын бұйрық түрінде емес, кеңес түрінде ұсыну;
- оқушылар пікірлерімен санасу, ерекше идеяларға қолдау жасау;
- үйге берілетін тапсырманың уақтылы және нақтылы берілуі;
- бағалау нормалары сақталып, әділ бағалануы;

Ақпараттық технологияның көмегімен жүргізілетін сабақтарда оқушылар өзін белсенді және еркін, оқытушымен тең дәрежеде ұстай алады. Тарих сабақтарында ақпараттық технологияны енгізу арқылы сабақтың белсенділігін арттыруға, дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға, сабақты шапшаң жүргізуге, өздік жұмыстың көлемін көбейтуге болады. Тарихшы ұстаз АКТ қолдану арқылы әртүрлі сабақтарға презентациялар дайындап интерактивті тақта мүмкіндіктерін шебер қолдана білсе сабақтың тартымды әрі қызық өтетіні анық, әрі оқушы белсенділігін арттырады. Әр сабақта интернет, электронды почта, электронды оқулық, ғаламдық ақпарат жүйесін пайдалана білуі тиіс [Байрханова С., 2009, Б. 11-14.].

Интербелсенді оқу/оқыту бірінші мезетте білім игеру процесінде қатысушылардың тиімді қарым-қатынасына негізделеді. Ағылшын тілінен келген «интерактив» сөзі де осы ұғымды білдіреді: «inter» дегеніміз «өзара» мағынасында, ал «act» – «әрекет жасау» дегенді білдіреді. Басқаша сөзбен айтқанда, «интербелсенді» дегеніміз біреумен тығыз қарым-қатынаста болу,

онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру. Сонымен, «интербелсенді» дегеніміз диалог арқылы үйрену үйрену/үйрету, яғни мұнда оқу процесінің негізін «үйретуші», «үйренуші»-үйренуші», «үйренуші-өзімен-өзі» форматтарында жасаған қарым-қатынас («әңгіме», «сұхбат», «бірлескен әрекеттер») құрайды. Интербелсенді оқу/оқыту білім игеру процесін келесідей ұйымдастыруға ынталы:

– Барлық үйренушілерге бірлескен таным процесіне белсенді араласуға мүмкіндік жасау;

– Әрбір үйренушінің өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы ой толғауына мүмкіндік жасау.

Интербелсенді оқу/оқыту бірлесе үйрену идеяларын ұстанады. Бірлесе үйренуде әрбір үйренуші танымның (оқу, үйренудің) мазмұны мен қорытынды нәтижесіне өз үлесін қосып, басқалармен өзінің білгенімен, идеяларымен түсінігімен алмасады, жоғары нәтижеге қалай жете алатындығын анықтайды. Мұндай қарым-қатынастағы бірлескен әрекеттер бірінбірі жақтыру, өзара сыйласымдық пен қолдау атмосферасында өтіп, жаңа білім игеруге жағдай жасайды. Интербелсенді оқу/оқыту көптеген жұмыс түрлері мен әрекеттері арқылы жүзеге асырылады, мәселен: бірлескен жұмыстар(жұптық, топтық, бүкіл аудиторияның), жеке және бірлескен ізденіс пен зерттеу жұмыстары, ситуативтік және рөлдік ойындар, ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау шығармашылық жұмыстар, т.б

Қорыта келе, тарих пәнінде жоғарыда келтірілген заманауи әдіс-тәсілдерді және жаңа технологияларды қолданып, тарихи сапалы білім беруді дамытуға болады. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің кәсіптік, адамгершілік, рухани және көптеген басқа адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруына көмек көрсетеді. Жаңа технологияларды күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану үшін әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық мақсат-мүддесіне байланысты өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алады. Жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады деп ойлаймын. Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдер шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді. Сондықтан, ХХІ ғасыр – информатика ғасыры, яғни ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан-жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Жаңа заман форматындағы күзиретті тұлғаны тәрбиелеу ұстаз міндеті деп есептеймін.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі «100 нақты қадам». Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2015жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы.

2. Ибрагимов Д.Қ. Тарих сабағын жоспарлау: сабақтағы саралауды жоспарлау және қолдану //Қазақстан тарихы журналы. – №3, 2019. – Б.5-9.

3. <https://infourok.ru/> Білім берудегі жаңа технологияларды тиімді пайдалану жолдары.
4. Байрханова С. Тарих пәнінде АКТ қолданудың тиімділігі //Хабаршы. – Алматы: Қазақ университеті. – №3, 2009. – Б. 11-14.
5. RCDO.KZ . Қазақстан тарихы пәнін оқытуда заманауи әдістерді қолдану.

## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ТАПСЫРМАЛАРЫН ОРЫНДАУ ДАҒДЫЛАРЫН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

**Аманкулова М.Б.**

Алматы облысы, Қонаев қаласы, Қ.Жалайыр атындағы №6 орта мектептің  
тарих пәні мұғалімі

Қазіргі таңдағы білім беру үдерісі білім алушының шығармашылықпен өзіндік дамуы, өзіндік оқуы және өздігінен жұмыс істеуімен қатар жүретін әлемдік интеграциялық технологиясына жаһандану жағдайында жүріп жатыр. Еліміздегі ғылыми-техникалық жанару мен даму, қоғам өмірінің барлық салаларындағы өзгерістер адамның интеллектуалдық күш-жігерін, саналы іс-әрекеті мен ізденімпаздығын, танымдық ой-өрісінің белсенділігі мен іс-әрекетін шығармашылық сипатта жүзеге асыруды талап етеді. Ғылымның барлық саласында білім мазмұны мен көлемі қауырт өсіп отырған қазіргі ғылымтехникалық прогресс кезінде, бұл міндеттердің жүзеге асуы оқыту процесінде білім алушылардың өзіндік оқу іс-әрекетін оңтайлы ұйымдастыру мен оны тиімді бағалауға тікелей байланысты. Себебі, білім алушылардың өзіндік жұмыстарын арнайы ұйымдастыру және бағалау жұмысы оқу үрдісін жетілдірудің негізгі шарты болып табылады [Андасова Б.З., 2007, 02 с.]. Осы орайда оқытушының әрбір өтілетін сабағы қазіргі кездегі заман талабына сәйкес оқыту талаптарына сай болып келуі қажет. Демек, жастарды еңбектің қай саласында да, білім алуда да тек мәлімет жиынтығын меңгеруімен шектелмей, білім алушылардың өзіндік іс-әрекетін тиімді ұйымдастыра отырып, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын тұлға етіп даярлау қажет болып отыр.

Өзіндік жұмыс – бұл білім алушының дидактикалық тапсырмаларды өзінше орындауға, танымдық әрекеттерге қызғушылығының қалыптасуына және нақты бір ғылым саласында білім жинақтауына бағытталған оқу әрекетінің ерекше түрі. Өзіндік жұмыс білім алушылардың шығармашылық қабілеті мен біліктерін дамытуда олардың барысында тиімді, әрі өнімді еңбек етуіне мол мүмкіндіктер жасайды. Өзіндік жұмысты оңтайлы ұйымдастыру және оларды дұрыс бағалау елеулі практикалық міндет және маңызды ғылыми проблема болып табылады. Өзіндік тапсырмаларды орындау барысында білім алушыдан белсенді ойлау талап етілді. Осының нәтижесінде білім алушы өздігінен бақылауды үйренеді, олар да тапсырылған істі орындаудағы жауапкершілік сезім, еңбексүйгіштік, табандылық, ұйымшылдық, бір – бірімен деген жолдастық көмек қалыптасады [Демеуов